

«АЕКК Munai» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды

Жобаның атауы:

- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қарсақ» қабылдау-тапсыру пункті (КҚП) жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы;
- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қарсақ» қабылдау-тапсыру пункті (КҚП) үшін қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қарсақ» қабылдау-тапсыру пункті (КҚП) өндірістік экологиялық бақылау;
- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қарсақ» қабылдау-тапсыру пункті (КҚП) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жыналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: Атырау обл., Жылыой ауданы, Қара арна ауылдық округі, Шоқпартоғай ауылы, Б.Нурмағамбетов 374 көшесі, Әкімдік мәжіліс залы.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт және орын – 2026 жылғы 19 тамыз сағат 11:00-де, Жылыой ауданы, Қара арна ауылдық округі, Шоқпартоғай ауылы, Б.Нурмағамбетов 374 көшесі, Әкімдік мәжіліс залы.

Атырау облысының аумағында карантиндік режим енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өткізілетін болады: <https://us05web.zoom.us/j/88512179124?pwd=6WsV8q7SHhuJv6gVjEY5oaOfyytRQ.1>

Конференция идентификаторы 885 1217 9124, қосылу коды Aa2026. Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «АЕКК Munai» ЖШС, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр Хан даңғылы, 56Б СТ-Е, І Т.Е.Б., БСН 190840016537, эколог – Нурымова Айнур Тастанбековна, тел.: +7 778 678 27 81.

Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «Мунай Энерджи Групп» ЖШС, Астана қ., байланыс тұлғасы: Шакирова А.И., тел.: +7 775 641 41 41.

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның бірыңғай экологиялық порталына және интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: atn@aekk.kz, тел.: +7 778 678 27 81.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы – Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: atp.priroda@atyrau.gov.kz, г. Атырау, Әйтеке би көшесі 77, тел.: 8 (7122) 35-45-59.

«Құқық кабинеті» деген не?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ
МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРЕТІН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЕГІЗІНДЕ ӨРЕКЕТ
ЕТЕДІ.

Бүгінде, елімізде әрбір азаматтың құқықтары мен мүдделерінің іске асуы – Әділет органдарының қызметімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының «Әділет органдары туралы» Заңына сәйкес, әділет органының негізгі міндеттерінің бірі - құқықтық көмекті және заң қызметтерін көрсетуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру. Белгілі болғандай, білікті заң көмегін көрсету біздің мемлекетіміздің негізгі заңнамасымен кепілдендірілген, әдетте бұл сапалы заң білімімен ұштастырылады.

Бұл бағытта Әділет органдары Мемлекет басшысының ауыл тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша берген тапсырмасын орындау мақсатында, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, республиканың барлық шалғай ауылдық жерлерінде «Құқық кабинеттерін» ашты.

Құқықтық мәдениет азаматтардың жалпы мәдениетінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі саналады. Елдің заңдарын білу әркім үшін қажет, өйткені бұл мемлекет кепілдік берген өз құқықтарын тиімді қорғауға, адамдарды алаңдататын әлеуметтік, экономикалық және басқа салалардың көптеген мәселелерін шешуге ғана емес, сонымен бірге тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді бүкіл мемлекеттік жүйенің жұмыс істеуі.

Ауылдық жерлерде құқықтық мәдениетті арттыру құралдарының бірі – аудандарда «құқық кабинеттерін» құру. Атырау облысы Әділет департаменті мен жергілікті аудан әкімдіктері бірлесіп «құқық кабинеттерін» іске қосу бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.

Ауылдық жерлердегі азаматтарға ашық «құқық кабинеттерінде» құқықтық ахуалды зерделеу және шешу мүмкіндігі іске асырылды, облыс бойынша мұндай кабинеттердің 76-сы ашылды.

Яғни, бұл – ауылдық мекендердегі тұрғындарға жасалып отырған арнайы кабинеттер. Кез-келген ауыл тұрғыны өзінің жеке мәселесі бойынша ауылындағы әкімдікте орналасқан осындай құқықтық кабинетке келіп, заң деректер базасымен таныса алады, интернет желісімен қамтамасыз етілген компьютер арқылы өзіне қажетті кез-келген ақпаратты да ала алады.

Осылай, өзінің мәселесін шешу үшін арыз-шағымын да жаза отырып, қажет болған жағдайда мәселені шешетін мекемеге де жолдай алады. Бұл жағдайларда сол ауылдық округ әкімдіктеріндегі мамандар да құқықтық көмек көрсетіп, жұмыс бағыттарын көрсете алады. Бұл жұмыс жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарылуда.

Аталған кабинеттер аудандық, ауылдық әкімдіктердің ғимараттарында, қабылдау орталықтарында EGOV (егов) өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының базасында жұмыс істейді. Кабинеттер қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен танысу үшін «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесіне, «Заң» деректер базасына, сондай-ақ халықпен өзара іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне (е-өтініш, егов, «Ашық НКА» порталы және т.б.) қолжетімділігі бар компьютерлермен (принтер, телефон, веб-камера) жабдықталған. «Кабинеттерді» құру заңдарды өз бетінше зерделеу әдетін қалыптастыруға, «сыни ойлауды» дамытуға ықпал етеді, өйткені бүгінгі таңда әділет органдарының алдында міндет тек құқықтық ағартудан гөрі әлдеқайда кең, ол азаматтарды «өз мүдделерін құқықтық салада қорғай білуге» үйрету.

Айгүл АНЖАНОВА,
Атырау облысы Әділет департаменті
құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет
көрсету бөлімінің басшысы

«Batys Petroleum» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, келесі жоба бойынша ашық жыналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды: «Batys Petroleum» ЖШС кәсіпорнының инженерлік-техникалық корпусымен блокталған №1 жуу-булау цехын қайта жаңарту, Атырау облысы, Атырау қаласы, АМӨЗ өнеркәсіптік аймағы, №14 құрылыс.» ықтимал әсерлері туралы есеп.

Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны мен уақыты: Атырау облысы, Атырау қаласы, Канцев көшесі, 15, «Береке» қонақ үйінің конференц-залы, 2026 жылғы 18 тамыз, сағат 11:00. Жер телімінің координаттары: 1) 47°04'23.2»N 51°57'51.5»E 2) 47°04'22.9»N 51°57'58.1»E 3) 47°04'12.9»N 51°57'57.0»E 4) 47°04'12.8»N 51°57'45.4»E. Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер тізбесі: Атырау облысы, Атырау қаласы. Zoom платформасы арқылы қосылу сілтемесі: <https://us02web.zoom.us/j/2104509857?pwd=amVBULhJdnE2dDBEaW5oR1hhNlB6UT09> Конференция идентификаторы: 210 450 9857 Қолжетімділік коды: 12345. Жобалық құжаттама бірнғай экологиялық порталда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>. Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz, тел.: 8 (7122) 32-55-09, БСН: 050140002850. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Batys Petroleum» ЖШС, Атырау облысы, Атырау қаласы, АМӨЗ өнеркәсіптік аймағы, №14 құрылыс, БСН: 150540023006, ұялы тел.: 8-775-258-1528, e-mail: a.amanova@batyspetroleum.kz. Жобалаушы ұйым: «Центр испытаний качества продукции» ЖШС, Алматы қ., Райымбек даңғ., 348/4, БСН: 950540001322, e-mail: ctqr_oos@mail.ru, ұялы тел.: 8-707-341-42-12.

Атырауда мал иелеріне жарық шағылыстырғыш ленталар таратылды



Төрт түліктің қатысуымен болатын жол апаттарының алдын алу мақсатында Атырау облысы полиция департаменті жанындағы патрульдік полиция ротасының взвод командирі Ақылбек Хошаев тас жолдарға жақын орналасқан шаруа қожалықтарының иелерімен профилактикалық кездесу өткізді.

Іс-шара барысында төрт-түлік малдың мойнына тағылатын 200-ден астам жарық шағылыстырғыш лента таратылып, үй жануарларын қараусыз қалдырмау және оларды жол бойында бақылаусыз жаюға жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жарық шағылыстырғыш ленталар қараңғы уақытта жүргізушілерге жолға шығып кеткен жануарларды алыстан байқап, қауіптің алдын алуға мүмкіндік береді. Жыл басынан бері облыс аумағында үй жануарларының қатысуымен 60-қа жуық жол-көлік оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төніп, көліктерге зақым келіп, мал иелері материалдық шығынға ұшырауда.

Осыған орай тәртіп сақшылары барлық мал иелерін төрт түлікті бақылаусыз жібермеуге, әсіресе республикалық және облыстық маңызы бар тас жолдардың бойында жаюға жол бермеуге шақырады.

Атырау облысы полиция департаментінің баспасөз қызметі

Жарнама байланыс телефоны:



«Ломбард ЖАЙЫҚ» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2026 жылғы 17 шілде сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін сауда-саттық голландық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды: Атырау қаласы, Лесхоз шағынауданы, 10 үй, 17 кеңсе, accountant@zolotoiy.kz. Ұялы тел.: 8(775) 387-71-98.

«Ломбард ЖАЙЫҚ» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2026 жылғы 22 шілде сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін сауда-саттық голландық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды: Атырау қаласы, Лесхоз шағынауданы, 10 үй, 17 кеңсе, accountant@zolotoiy.kz. Ұялы тел.: 8(775) 387-71-98.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2026 жылы 14 маусымда қайтыс болған **Утеғалиев Күстанай Шариповичтің** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кеңсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Әділет министрлігі берген.

Нотариус Ташекенова Жанар Ерсайиновна хабарлайды: 2026 жылы 14 маусым айында қайтыс болған **Гумаров Жалғас Изимовичтың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Әбілқайыр хан 51А, блок Б, «Нотариус» орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 28 желтоқсан 2022 жылы берілген №22026445 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Ташекенова Жанар Ерсайиновна. Ұялы тел.: 8 775 155 97 87. 8 776 246 97 68.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Баймұрза Салтанат Сабырқызы өңірінде 2025 жылдың 22 шілде айында қайтыс болған **Сағианов Исатай Базарғалиевич**, 19.11.1976 жылы Атырау облысында туған, артында қалған мүлікне мұралық іс ашылды. Мұраға қатысты мұрагерлер болса, Атырау облысы, Балықшы шағынауданы, Қаршымбай Ахмедияров көшесі, 10 үй, 34 кеңсе осы мекен-жайға хабарласулары сұралады. Ұялы тел.: 8-701-419-50-74. Лицензия №13012416, 05.08.2013 жылы берілген.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 26.01.2026 жылы қайтыс болған **Калесов Кабдыжан Хамидуллаевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Акқыстау селосы, Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231)

2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 08.02.2010 жылы қайтыс болған **Кенжеғалиев Атабек Галымжановичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Акқыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

15 маусым 2026 жылы қайтыс болған **Сельбаев Кабдул Сисенғалиевич**, 22.03.1956 жылы туған, атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Тастанбекова Орынгүл Қайржановнаның (№17015870 лицензиясы ҚР ӘМ-мен 13.09.2017 жылы берілген) Әуезов даңғылы, 21А үй мекен-жайында орналасқан кеңсесіне хабарласулары сұралады. Ұялы тел.: 8 701 130 58 89.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 11.03.2025 жылы қайтыс болған **Хайрошев Данияр Жумабекұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, ұялы тел.: 87027420470.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 14.06.2026 жылы қайтыс болған **Кожантаев Камат Шамшенұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 29.04.2026 жылы қайтыс болған **Фазылов Саламат Салаватовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 19.01.2026 жылы қайтыс болған **Мурзағалиев Темірбек Мендибаевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Акқыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

2026 жылдың 20 қантар айында қайтыс болған **Кубиева Слушаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға хабарласулары сұралады, нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 А үй, тел. +7 (775) 222-20-73. (ҚР ӘМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

11 ақпан 2026 жылы қайтыс болған **Карчегенова Булалықтың** атына мұралық іс ашылуына байланысты барлық мұрагерлердің, Атырау қаласы, Авангард 3 шағынауданы, 32 үй, №1 кеңсе мекен-жайда орналасқан, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті 2005 жылы 13 мамыр күні берген №00000115 санды лицензиясы негізінде әрекет етуші, Атырау нотариалдық округінің нотариусы Батырхаирова Жанылсын Ахмырзаевнаның кеңсесіне хабарласуыңызды сұрайды.

Атырау

Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады	
МЕНШІК ИЕСІ: «АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС Бас директор Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ	
Бас редактор Назарбек ҚОСШИЕВ	
Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43. Бас редактордың орынбасары – А.Базарбаев Жауапты хатшы – Д.Мұхамбеталиев	
«atr.kz» сайтының редакторы – М.Ерғали, тілшілер – Т.Ермек, Б.Исатай	
Арнаулы тілші – М.Қуанышева, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – А.Сабырова, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: шолушы – Р.Өтеғали, экология және құқықтық мәселелер: шолушы – А.Қабдол, аға тілшілер – З.Әбілқайырова, І.Жұмақұл	
Корректор: А.Шомажанова. Компьютер цехы: бет қурушылар – С.Рамазанова, А.Жолдыбаева. Іс жүргізуші: Т.Тайтекова, теруші: К.Елеусинова	
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығын, ақпараттық агенттігін және желілік басшылығы қайта есепке қою туралы №КЗ22/Р0008467 куәлігі берілген. Басшылы «Құрмет белгісі» орденімен, республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған	
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй. Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru	
*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді. *«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. * Авторлар жарияланымдылығы пікірлер редакцияның түпкілікті көздарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды. ● Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі. ● Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Индекс: 65424 Атпаныс 1 рет шығады. ТАРАЛЫМЫ: 2826 дана Нөмірдің кезекшілері: А.Қабдол, А.Жолдыбаева, А.Шомажанова	